

Мақтаарал ауданы білім бөлімінің «Демеу» бөбекжай балабақшасы  
ЖШС

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

31.08.2023 ж.

Қатысқаны-6

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспарын, күн тәртібін, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. Жазғы сауықтыру кезінде істелінген жұмыс есебі.

3. Қ.Р-ның Мектепке дейінгі ұйымдарда 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

**1. Тыңдалды:** Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.Касымова жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, балабақшаның алдағы жылдық мақсат, міндеттерімен таныстырды және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі уақытша өткен оқу жылындағы көлемде жүргізілетінін түсіндіріп өтті.

Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде ұжым болып жылдық мақсаттар белгілейміз және сол мақсаттарға жетуге ерінбей еңбек етеміз. Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісіп, талмай еңбек етулеріне тілек білдірді. Өткен 2022-2023 оқу жылында өздерінің белсенділігін көрсетіп, жақсы нәтижелерге қол жеткізген педагогтарымызға алғысын білдірді.

Сонымен биылғы жылдың мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту. Қимыл қозғалыс арқылы балалардың дене қимылдарын бұлшық еттерін жетілдіру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Балалардың тілін дамыту жұмысын ойындар мен театрланған көріністерді пайдалану арқылы дамыту. Балаларды театр мәдениетіне баулу, үлкендермен және құрбыларымен дұрыс қарым-қатынас жасауға, шет тілдерін талапқа сай игеруді дамыту.

Балалардың білуге құмарлығын, талаптылығын, өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуін, түрлі әрекеттердегі қабілеттілігін байқау.

**ТЫҢДАЛДЫ:** Балабақша меңгерушісі Ш.Касымова сөз сөйледі. Жазғы сауықтыру кезеңінде жоспар бекітілген, сол жоспар бойынша жалпы жүргізілген жұмыстар жөнінде айтып өтті.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** балабақша әдіскері Б.Маликова жазғы сауықтыру кезінде жоспар бойынша жұмыс жүргізілді және аудандық білім бөлімінен келген бұйрықтар бойынша конкурстарға бүлдіршіндерді қатыстырып шығармашылықтарын шыңдап отырдық.

**ТЫҢДАЛДЫ:** б/б меңгерушісі Ш.Касымова сөзге шықты. Мектепке дейінгі ұйымдарда 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. 2021-2022жылда үлгілік оқу жоспарында балалардың жас ерекшелігіне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілгенін, сол бойынша жұмыс жүргізілу тиіс. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны дұрыс ұйымдастыру, балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, және де балалардың қимыл белсенділігін қамтамасыз ететіні жөнінде айтып өтті. Тәрбиешілерден негізінен талап етілетін құжаттар перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы екенін, осы құжаттардың уақытында толтырылып отыруын әдіскер Б.Маликоваға тапсырды.

Тәрбиешілерге мектепке дейінгі ұйымдарда баланың жеке басын дамыту, білім беру мазмұнының жаңарту, баланың ұрпақ тәрбиесін жаңа сапалық деңгейге көтеру, балаларды шамадан тыс жүктемеден сақтайтын және білім мазмұнына міндетті минимумы мен бала дайындығына қойылатын талаптар деңгейін белгілейтін мемлекеттік құжат жаңа стандарт бойынша жұмыс жүргізулерін айтып өтті.

### **ШЕШІМІ:**

1. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.
2. Жазғы сауықтыру бойынша жасалған жұмыстардың фото слайдтары мен видеороликтері жасалып тапсырылсын.


3.2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесі жаңа үлгіде ұйымдастырылып, жаңа әдістемелік нұсқау хат бойынша жұмыс жүргізілсін.

Төрайымы:



Ш.Касымова

Хатшы:



К.Жолшиева



Мақтаарал ауданы білім бөлімінің «Демеу» бөбекжай балабақшасы  
ЖШС

Педагогикалық кеңестің  
№2 Хаттамасы

23.11.2023ж.

Қатысқаны-6

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2. « Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» (Баяндама)

**1 ТЫҢДАЛДЫ:** б/б меңгерушісі Ш.Касымова Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Алдағы уақытта өтілетін ашық ұйымдастырылған іс әрекетте жаңа технологияларды пайдаланып, ұлттық құндылықтарымыз жайлы дәріптеп, ұлттық бұйымдарымызбен, ұлттық нақыштарымызды пайдалана отырып мазмұнды да, қызықты өтуіне еңбектену керек.

**2 ТЫҢДАЛДЫ:** «Балабақшада ұлттық ойындарды дамыту» атты баяндаманы тәрбиеші К.Жолшиева оқып таныстырды. Баяндамада Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі екенін, жалпы ұлттық құндылығымызды балалардың бойына ерте жастан сіңіру керек екенін, ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылатынын түсіндіріп өтті. Ұлттық ойындарды көбірек пайдалана отырып, баланың бойына сіңіру ол- бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. -деп, баяндамасын аяқтады.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** б/б әдіскері Б.Маликова сөз алды. Стандартта ұлттық құндылықтарға қатты көңіл бөлініп қолға алынып отыр. Сондықтан біз күнделікті іс-әрекетте болсын, ойын барысында, өзіміздің құндылығымызды дәріптеп отыруымыз керек. Бала тәрбиесі-ұлт болашағы екенін білесіздер. Тәрбиені бірінші орынға қойып, үнемі оқу қызметін бастамас бұрын тәрбиеге шақырып алу керек. Тәрбиелік мәні бар, ұлтымыздың өзімізгі тән ерекшеліктері жайлы әңгімелерді оқып беріп, мысалдарды келтірумен қатар, ұлтын сүйетін, патриотшыл балаларды тәрбиелеп отыру керек.

Бала дегеніміз-болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек болашағымыз солай болмақ. Келешегіміздің жалғасы балаларымызды білімді де мәдениетті, тәрбиелі де әдепті, кішіпейіл де қарапайым етіп тәрбиелеу өз қолымызда-деп, сөзін аяқтады.

### ШЕШІМІ:

1. Өткен кеңестің шешімдірі орындалсын.
2. Балабақшада ұлттық ойындарды көбірек ойнатып, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелсін.

Төрайымы:

Хатшы:



Ш.Касымова

Г.Сәбитқызы

«Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС

## **Баяндама.**

**Ұлттық ойындарды дамыту**

I – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені қилы.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақын – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады.

Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғақты қимыл –қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туыскандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білесің?» ойынның өзі балалардың құлағына құйып береді.

Өтеш - шақырады

Есек – бақырады

Күзен – шақылдайды

Бақа-бакылдайды

Шыбын – ызылдайды

Шіркей ызындайды

Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшелігі ескеріледі. Әр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни 3 кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек:

ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс;

ойынның басталуы мен ойналу барысы;

ойынның аяқталуы.

Дене тәрбиесі іс - әрекеті мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік



кабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл – ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын араласып, тату, ұйымшыл болып өседі.

Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

- көңілді болып жақсы демалады;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;
- ойынға қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді.

Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты:

- ұлттық ойындар дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;
- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

балалардың денсаулығын нығайту;

денені шынықтыру;

мәдениетін қалыптастыру;

өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері:

қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру;

қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру;

денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту;

қызығушылығын қалыптастырып дамыту;

Оқу іс-әрекеттерінде бағдарламаның мазмұнына қарай сергіту жаттығулары ретінде қолдануға болады.

Дене шынықтыру іс-әрекеттерінде қимылды ойын ретінде ұлттық ойындарды алуда тәрбиешінің өз еркінде.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған тіршілік әрекетінің күн тәртібінде жоспарлауға болады.

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемеге әдістемелік құрал болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз. Балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады, көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Яғни, қазіргі заман ағымына қарай белсене қатысады. Аса көрнекті үздік педагог Н.К.Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шындала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шындалады». Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбағты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады. Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Сонымен қатар бірнеше ұлттық ойындарды шартымен ұсынамын:

Арқан тарту.

Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала

жеңіске жетеді.

Орамал тастамақ

Балалар шеңбер жасап тұрады. Бастаушы(тәрбиеші) балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

Ақсерек-көксерек.

Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 кадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серек

Бізден сізге кім керек.

2-ші топ Ақсерек –ау ақ серек

Жаман-жаман бала аты (бала аты) керек

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек.

Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Қыз –қуу

Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды(ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді.

Түйілген орамал.

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап алады да «1, 2, 3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұрады.

Соқыр теке.

Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.

Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ

Қайда кеткен құлыншақ

Соқыртеке бақ-бақ

Мені ізден тап-тап

Деп тақпақтайды.

Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.

Сақина жасыру

Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен- «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

Қуыр-қуыр қуырмаш.

Оң қолдың бес саусағын бір жерге түйістіреді де, сол қолымен оны бүрмелеп қапсыра ұстайды.Содан соң екінші балаға:

- ортанғы саусағымды тапшы, - дейді.Екінші балаға қарап байқап отырады да, міне, -деп бір саусақтың басынан шымшып ұстап тұрады.Егер екінші бала жасырушының ортанғы саусағын дәл тапса, ұнайды бірінші бала тартады. Ұтқан бала ұпай алу үшін мына ережелермен сөздерді жақсы білуі керек.

1. Бас бармақтан бастап шынаққа дейін саусақтардың атын бір түгел атап береді: басбармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкентай бөбек.Бес саусағын түгел жұмады.Тағы да бас бармағынан бастап, былай деп 5 саусақты түгел жазады.

Сен тұр қойыңа бар.

Сен тұр түйеңе бар

Сен тұр жылқыңа бар

Сен тұр сиырыңа бар

Сен кішкентай әлі жас екенсің

Қазанның қаспағын қырып же де, жыламай отыра тұр.

Енді осы шынашақтың өзі алақан шұңқырына бүгіп тұқырға ұстайды да:

Қуыр-қуыр , қуырмаш

Балапанға бидай шаш

Әжең келсе есік аш

Қасқыр келсе мықтап бас

Шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды.Осыларды істеп бола беріп:

Мыңа жерде қой бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде жылқы бар

Мына жерде түлкі бар

- деп баланың білегінен қолтығына дейін түртіп ең соңында мына жерде күлкі бар –деп сәл ғана қытық-қытық! Қытықтайды

Хан талапай.

Бұл отырып ойналатын, негізінен қыз балаларға арналған ойын.Оған төрт-бес үміткерден қатысады.Ойын үшін он асық таңдап алынады.Он бірінші асықтардан ерекше өзге түске (қызыл, не көк) боялған болуы шарт бір-бірден асық үйірусудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі.Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек.Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады.Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс.Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады.

Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін , алшысымен-алшысын тәйкесімен мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинайды.Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе, немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны.Онда кезек келесі ойыншыға беріледі.Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді.Межеліс бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады. Ескерту: Асықтарды бір-біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды.Ойынның соңына дейін ханға бірде - бір асық тимеуі керек.Себебі ол –хан.

Аударыспақ

Қазақтың кәдімгі ұлттық ойын спорт ойыны.Қарапайым бөренеден «ағаш ат» жасаудың еш қиындығы жоқ.Екі жақ басы берік тұғырға бекітілген биіктігі бір-бір жарым метрдей (балалардың жасына қарай) ұзындығы 70-80 сантиметрдей бір –біріне қапталдас орналасқан «ағаштардың» ара қашықтығы екі жақтан созылған қол ерін жектетіндей болса жеткілікті..Оларға мінген «шабандоз» балалар бір-біріне қарама қарсы отырып қол ұстасады.Төрешінің белгісімен бірі-бірі тартып, не итеріп, әйтеуір қай аяқасын, не күшін асырғаны қарсыласын»ағаш аттан» аударып түсуі шарт.Аяқты жерге ағаш атқа тіреуге болмайды.ойын шарты бұзылады.Ағаш аттың құлағанда айналасына құм немесе ағаш үгінділері төсету керек.

Тенге ілу.

Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді.Әр қайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады.Одан әрі 20-30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады.Шұңқырға он-оннан тас салынады.Содан екі топтан екі сайыскер шығады.сызыққа келіп қатарласып тұрады.Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын күйғытып, шаба жөнеледі.Сол

беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете барады. шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді.

Мақтаарал ауданының білім бөлімінің «Демеу» бөбекжай балабақшасы  
ЖШС

Педагогикалық кеңестің

№3 Хаттамасы

25.01.2024ж.

Қатысканы-6

Күн тәртібінде

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы .
2. Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысының есебі.
3. Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері.
4. Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы  
(Баяндама)

**1.Тындалды:**Балабақша меңгерушісі. Ш.Касымова сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері туралы айтып өтті. Балабақшамыздың тәжірибелі мамандары КЖолшиева Б.Асилбекова сынды тәрбиешілеріміз әр ұйымдастырылған іс-әрекетте қызықтырып, әр түрлі әдіс- тәсілдер, жаңа технологияларды қолданып өтуде. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін үнемі ізденісте болып, қызықты жаңа әдістер қолдануды жалғастыру жайлы айтты.

Оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару жұмысы туралы б/б меңгерушісі Ш.Касымова айтып өтті. Тәрбиешілердің күн тәртібі бойынша жұмыс жасауда екенін, таңғы жаттығулар, түскі гигиеналық шаралардың орындалуы жөнінде және күннің екінші жартысында, серуен кезінде жасалатын бақылау, еңбек туралы айтып өтті. Күн тәртібінің жоспарға сәйкес орындалуын талап етті.

**Сөз сөйлегендер:** б/б әдіскері Б.Маликова балабақшада күнделікті бақылау жүргізілуде. Кейбір топтарда таңғы жаттығулар дер кезінде орындалмай жатыр .Атап айтсақ ересек тобында және кіші жас балалар таңертең бақшаға кеш келетіні анықталды. Сол себепті ата-аналарға балаларын

кешіктірмей әкелуін ескерту керек екені жайлы айтып өтті. Ортаңғы топта жоспардағыдай орындалып жатыр.

**3. ТЫҢДАЛДЫ:** б/б меңгерушісі Ш.Касымова төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігін сақтау негіздері жайлы айтып, түсіндіріп өтті. Қыс мезгілінде күнделікті серуен кезінде шатырдан еритін мұз сүңгілерінен, тайғанак жерлерден өткенде абай болулары жөнінде айтып өтті.

**4 ТЫҢДАЛДЫ:**б/б тәрбиешісі **К.Усенова** «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» тақырыбында баяндаманы оқыды. Баяндаманың қысқаша мазмұны қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік беру.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады- деп аяқтады.

**Сөз сөйлегендер:** тәрбиеші К.Жолшиева педагогтардың осындай әр түрлі тақырыптарда баяндамаларды тыңдап, талқылап отыруымыз керек, біз жаңашыл педагог болу үшін үнемі ізденіп, жаңа технологиялармен танысып отыруымыз қажет деп,- сөзін аяқтады.

### Шешімі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
- 2.Оқу тәрбие жұмыстары жоспардағыдай жүргізілсін.
- 3.Төтенше жағдайларда балалар қауіпсіздігі сақталсын.
- 4.Балаларға түрлі жаңаша әдіс-тәсілдерді үйрету жалғастырылсын.

Меңгеруші:  Ш.Касымова

Хатшы:  Г.Шекербек



**Мақтаарал білім бөлімі «Демеу» бөбекжай балабақшасы.**

**Баяндама**

**Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы  
баспалдағы**

**Тәрбиеші: К.Усенова**



## Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы

Білім қазынасын балабақшадағы бүлдіршіндердің бойына сіңіріп, олардың болашақтарына игі ықпал ету негізгі мақсатымыз. Жас өрендерді саналы тұлға ретінде жан-жақты дамыту баршаға ортақ міндет. Бүгінгі болашақ ұрпақтың алғашқы баспалдағы – балабақша. Осы болашақ ұрпақтардың қанаттарын қатайтып, аяқтарын нық басуда балабақша үлкен рөл атқарады. Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбие алатын орын. Ал тәрбиеші сол балабақшаның жүрегі, яғни олардың қолында балалардың тағдыры.

Ата-аналар жүрегінің бір бөлшегін балабақшаға сеніп әкеліп береді. Сол орайда ананың орнына ана бола білетін — балабақша тәрбиешісі.

Балабақша келешек азаматтарды тәрбиелейтін шағын институт. Балғындардың шаттық күлкісіне толы бұл мекенде тәрбиеші-педагогтар баланың тәрбиесімен қатар оның дамуына да даңғыл жол салады. Себебі, балабақшада бала бойындағы ерекше қабілеті байқалады. Баланың алғашқы қылықтары көрініс тапқан сәттен бастап оның дамуындағы ерекшеліктерді назарда ұстаған жөн. Сондай-ақ, көпшілік ортаға тез үйренісіп, адамдармен тіл табысуға да балабақшаның берері мол.

Бір үйдің кенжесі, бір үйдің тұла бойы тұңғышы. Бірақ, балаларға бірдей тәрбие, білім беріп, бірыңғай күн тәртібіне баулу, білік, дағдыларды үйрету тәрбиешінің күнделікті жұмысы.

Балабақша – бақыт баспалдағы. Әрбір балабақша табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің қадамдарына ертеңге деген нық сенім, патриоттық сезімді ұялататын, ұлт ұрпағын тәрбиелейтін білім мен тәрбие беретін алтын орда.

Сондықтан, алдымызға келген әрбір бүлдіршінге тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

Балабақша тәрбиешілері бәріне үлгеретін, төзім мен қайраттан, сабырдан жаралған жандар! Тәрбиешілер жұмысқа ерте келе жатады. Ата-ана күтіп қалмасын, балалар «Меннен» бұрын келіп қоймаса екен, кешігіп қалмайын, деп асығады.

Балабақша тәрбиешілері – жұлдыздар!

Ең биік аспан төрінен орын алатын жандар дер едім.

Балабақша – тәрбиенің алтын бесігі. Бала өсіп келе жатқан шыбық секілді екені рас. Оған алдыңғы буынның әрбір әрекеті дұрыс дүние секілді көрінеді. Қалай баптайсың, соның жемісі өзіңе қайтады. Сол себепті әрбір тәрбиеші-педагог оған үлкен жауапкершілікпен қарау керек деп есептеймін.

Білім қазынасын балабақшадағы тәрбиеленуші бүлдіршіндердің бойына сіңіріп, олардың болашақтарына игі ықпал ету негізгі міндетіміз. Еліміздің болашағы-ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Жас өрендерді саналы әрі бәсекеге қабілетті тұлға ретінде жан-жақты дамыту баршаға ортақ міндет. Бүгінгі балғындардың биік белестерінің баспалдағы – балабақша.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан аталары айтқан даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай

тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік артып отыр. Бала тәрбиесі – баршаның ісі. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

«Тәрбиеші әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш-қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» – деген ұлтымыздың ұстазы атанған Ахмет Байтұрсынов. Демек ең алдымен тәрбиеші жоғары деңгейде білікті және тәжірибелі маман болуы қажет. Тәлімгер бойында балаға дәріс дарытуға қажетті құнды қасиеттер ұқыптылық пен байсалдылық және ұстазға тән ұлағаттылық болмаса тәрбиені баланың бойына сіңіру оңайға түспейді. Ұлттық тәрбиенің негізі ана сүтімен, туған тілімен ең алғашқы бесік жырының әлді арқылы беріледі. Қай халық та үкілі үмітін ең алдымен ұрпағының баянды болашағымен байланыстыратындығын білеміз.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған.

«Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Тәрбиенің алтын бесігі - балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық